

Қазақстан Республикасының
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

Инфляцияға шолу
2012 жылғы 3-тоқсан

Мазмұны

Мазмұны	2
Негізгі терминдер және ұғымдар	3
Графиктердің және кестелердің тізбесі.....	5
Резюме	7
2012 жылғы 3-тоқсанның инфляция болжамын бағалау	7
2012 жылғы 4-тоқсанға арналған инфляция болжамы	8
2013 жылға арналған инфляция болжамы	9
1. Инфляциялық процестер	10
1.1. Тұтыну бағалары.....	10
1.2. Базалық инфляция	11
1.3. Экономиканың нақты секторындағы бағалар	13
1.3.1. Өнеркәсіп өндірісіндегі бағалар	13
1.3.2. Ауыл шаруашылығындағы бағалар	14
1.3.3. Кәсіпорындар мониторингі	15
2. Инфляция факторлары.....	18
2.1. Жиынтық сұраныс	18
2.1.1. Жеке тұтыну және инвестициялық сұраныс	19
2.1.2. Мемлекеттік тұтыну	20
2.1.3. Сыртқы сектор	22
2.2. Өндіріс	27
2.3. Еңбек нарығы	28
2.3.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық	28
2.3.2. Жалақы және өнімділік.....	30
3. Ақша ұсынысы	32
3.1. Ақша агрегаттары	32
3.1.1. Ақша базасы.....	32
3.1.2. Ақша массасы.....	33
3.1.3. Айналыстағы қолма-қол ақша.....	34
3.2. Қаржы нарығы	34
3.2.1. Резиденттердің депозиттері	34
3.2.2. Экономикаға кредиттер	37
3.2.3. Банктердің активтері мен міндеттемелері	40
3.2.4. Қаржы нарығындағы мөлшерлемелер.....	43
4. Ақша-кредит саясатының құралдары және операциялары.....	45
4.1. Ішкі валюта нарығындағы үстемдіктер	47
4.2. Ең төменгі резервтік талаптар	48
4.3. Ашық нарықтағы операциялар.....	49
4.4. Тұрақты механизмдер	50

Негізгі терминдер және ұғымдар

1-бөлім бойынша. Инфляциялық процестер

Инфляция Қазақстан Республикасында Астана және Алматы қалаларында, барлық облыс орталықтарында және қалалар мен аудан орталықтарының таңдаулы топтары бойынша халықтың жеке тұтынуы үшін сатып алынатын тауарлардың және қызмет көрсетулердің бағаларының жалпы деңгейінің өзгеруін сипаттайтын тұтыну бағалары индексі (ТБИ) негізінде есептеледі. Инфляцияны есептеуге арналған тұтыну қоржыны үй шаруашылығы шығыстарының құрылымын көрсетеді және халық тұтынуында неғұрлым үлестік салмаққа ие болып отырған 508 тауар мен қызмет көрсетуді қамтиды.

Базалық инфляция – жекелеген әкімшілік, жағдайға байланысты және маусымдылық сипаттағы факторлардың ықпалынан бағаның қысқа мерзімді біркелкі емес өзгеруін болдырмайтын инфляция.

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі 2004 жылдан бастап мынадай 5 әртүрлі әдістеме бойынша базалық инфляцияны есептеуді жүзеге асырады:

- 1-ші базалық инфляция: көкөніс, жеміс-жидек, бензин және көмір бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция;

- 2-ші базалық инфляция: көкөніс, жеміс-жидек, реттелетін қызмет көрсету және энергия ресурстары бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция;

- 3-ші базалық инфляция: 5 ең жоғары және 5 ең төмен баға өсімдерін есепке алмағандағы инфляция;

- 4-ші базалық инфляция: trimmed mean – ТБИ есептеу кезінде жиынтық салмағы кемінде 8% және 92%-дан асатын құрамдас бөліктер алынып тасталынады, яғни бағасы анағұрлым өзгерген (өскен немесе төмендеген) тауарлар мен қызметтер ескерілмейді;

- 5-ші базалық инфляция: median CPI – ТБИ есептеу кезінде бағалардың өзгеруі бойынша ранжирленген қатардың ортасында болатынды қоспағанда, бағалардың барлық өзгеруі есепке алынбайды, яғни статистикалық медиана. Median CPI жиынтық салмағы 50%-ға тең немесе асатын бірінші құрамдас бөлік бағасының өзгеруіне тең болады.

2002 жылдан бастап Ұлттық Банк жүргізетін **Кәсіпорындар мониторингі** шеңберінде нақты сектор кәсіпорындарының инфляциялық күтулерін зерттеу жүзеге асырылуда. Бұл зерттеу пікіртерім жүргізілген кәсіпорындар басшыларының кәсіпорындардың өндірістік қызметіне қатысты бағаларымен, оның ішінде өткен және алдағы тоқсандағы дайын өнімге және өндірісте пайдаланылатын шикізат пен материалдарға сұраныс және бағаға қатысты сапалық бағаларымен («көтеріледі», «төмендейді», «өзгеріссіз қалады») сипатталады.

Диффузиялық индекс кәсіпорындардың «көтеріледі» деген жауаптары үлесінің және кәсіпорындардың «өзгеріссіз» деген жауаптары жартысының үлесі сомасы ретінде шығарылады. Бұл индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеріс динамикасын сипаттайтын жинақталған индикатор болып табылады. Бұл ретте индекстің 50-ден жоғары мәні көрсеткіштің оң өзгерісін, 50-ден төмен мәні теріс өзгерісін білдіреді.

2-бөлім бойынша. Инфляция факторлары

Бюджетке **түсімдерге** кірістер (салық түсімдері, салыққа жатпайтын түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер), бюджеттік кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер кіреді.

Бюджеттің **шығыстары** шығындар (ағымдағы және күрделі), бюджеттік кредиттер, қаржылық активтерді сатып алу болып табылады.

3-бөлім бойынша. Ақша ұсынысы

Ақша базасына (резервтік ақша) Ұлттық Банктің кассаларындағы қолма-қол ақшаны қоспағанда, Ұлттық Банк айналысқа шығарған қолма-қол ақша (Ұлттық Банктен тыс қолма-қол ақша), банктердің аударылатын және басқа депозиттері, аударылатын банктік емес қаржылық ұйымдардың депозиттері мен мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың Ұлттық Банктегі теңгедегі ағымдағы шоттары кіреді.

Тар ақша базасы банктердің Ұлттық Банктегі басқа депозиттерін есепке алмағандағы ақша базасын білдіреді.

M1 ақша агрегаты айналыстағы қолма-қол ақша сомасы және банктік емес заңды тұлғалардың және халықтың теңгедегі аударылатын депозиттері сомасы ретінде есептеледі.

M2 ақша агрегаты M1 ақша агрегатына плюс теңгедегі басқа депозиттер және банктік емес заңды тұлғалардың және халықтың шетел валютасындағы аударылатын депозиттеріне тең.

Ақша массасы (M3) Ұлттық Банктің және банктердің баланстары шоттарын шоғырландыру негізінде айқындалады. Ол айналыстағы қолма-қол ақшадан және заңды тұлға - резиденттер мен үй шаруашылығы - резиденттердің ұлттық және шетел валютасындағы аударылатын және басқа депозиттерінен тұрады.

Аударылатын депозиттер – барлық депозиттер, бұлар: 1) кез келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айналдыруға болатын; 2) чектің, траттаның немесе жиро-тапсырмалардың көмегімен еркін аударылатын; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылатын депозиттер. Аударылатын депозиттер тар ақша массасының бір бөлігі болып табылады.

Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт кезеңі өткеннен кейін алуға болатын немесе әдеттегі коммерциялық операцияларға пайдалану үшін қолайлылығын азайтатын әр түрлі шектеулері бар және негізінен жинақ ақшасы тетіктеріне қойылатын талаптарға жауап беретін жинақ және мерзімдік депозиттер жатқызылады. Сонымен қатар, басқа депозиттерге сондай-ақ шетел валютасымен көрсетілген, аударылмайтын салымдар мен депозиттер кіреді.

KazPrime индикаторы Қазақстанның банкаралық депозиттерінің KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы келісімге қатысушы банктерде банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасын білдіреді. Әрбір баға белгілеуге Келісімге қатысушылардың бірінің депозитіне ақша тарту және орналастыру ставкасы, сондай-ақ ақша орналастыру және тарту көлемі қосылады. Баға белгілеудің ең төменгі көлемі – 150 млн. теңге. Баға белгілеулер арасындағы ең жоғары спрэд – 100 базистік тармақ (жылдық 1,00%). Жобаны іске қосу сәтінде банкаралық депозиттің жүйеленген мерзімі үш ай болады.

4-бөлім бойынша. Ақша-кредит саясатының құралдары және операциялары

Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы (ҚҚБ) валюталық сауда-саттықтарға **қатысу коэффициенті** Ұлттық Банктің ҚҚБ-дағы сауда-саттықтың нетто-көлеміне нетто-қатысуының арақатынасы (шетел валютасын сатып алу минус сату) ретінде есептеледі.

Ақша нарығындағы Ұлттық Банк операцияларының сальдосы айналыстағы қысқа мерзімді ноталар, банктердің Ұлттық Банктегі депозиттік және корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар көлемінің өзгеруі және мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу және сату бойынша нетто-операциялар сомасы ретінде есептеледі.

Графиктердің және кестелердің тізбесі

Графиктер

- 1-график. 2012 жылғы инфляция фактісі және болжамы
- 2-график. Тоқсандық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы
- 3-график. Жылдық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы
- 4-график. Тоқсандық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы
- 5-график. Жылдық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы
- 6-график. Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары индексінің динамикасы
- 7-график. Ауыл шаруашылығы өнімі бағалары индексінің динамикасы
- 8-график. Сұраныс пен бағалар өзгерісінің диффузиялық индекстері
- 9-график. Жиынтық сұраныстың құрамдас бөліктерінің ЖІӨ өсуіндегі үлесі
- 10-график. Халықтың шығыстары мен кірістерінің динамикасы
- 11-график. Негізгі капиталға инвестициялар шығыстарының динамикасы
- 12-график. Мемлекеттік бюджеттің орындалуы
- 13-график. Мемлекеттік бюджеттің орындалуы (жылдық деректер)
- 14-график. Металдардың әлемдік бағасының динамикасы
- 15-график. Мұнайдың (Брент), бидайдың (Канада) әлемдік бағаларының динамикасы
- 16-график. Ағымдағы операциялар шотының балансы
- 17-график. Теңгенің нақты айырбас бағамдарының индекстері
- 18-график. Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық айырбас бағамының динамикасы
- 19-график. Теңгенің еуроға және ресей рубліне шаққандағы ресми бағамының динамикасы
- 20-график. Экономиканың негізгі саларының нақты ЖІӨ-нің өсуіндегі үлесі
- 21-график. Экономикалық белсенді халықтың құрылымы
- 22-график. Нақты жұмыссыздық деңгейі
- 23-график. Еңбек өнімділігінің және нақты жалақының динамикасы
- 24-график. Ақша агрегаттарының динамикасы
- 25-график. Ақша мультипликаторының және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы
- 26-график. Депозиттердің және сыйақы ставкаларының динамикасы
- 27-график. Заңды тұлғалар депозиттерінің өзгеру динамикасы
- 28-график. Жеке тұлғалар депозиттерінің өзгеру динамикасы
- 29-график. Экономикаға кредиттер және олар бойынша сыйақы ставкаларының динамикасы
- 30-график. Заңды тұлғаларға берілген кредиттер динамикасы
- 31-график. Халыққа берілген кредиттер динамикасы
- 32-график. Банктер активтерінің динамикасы
- 33-график. Банктер активтерінің құрылымы
- 34-график. Банктер міндеттемелерінің динамикасы
- 35-график. Банктер міндеттемелерінің құрылымы
- 36-график. KazPrime индикаторының және қайта қаржыландыру ресми ставкасының динамикасы
- 37-график. РЕПО операциялары бойынша ставкалар динамикасы
- 38-график. Ұлттық Банктің ішкі нарықтағы операцияларының сальдосы
- 39-график. Ұлттық Банк ставкалары дәлізінің шекаралары
- 40-график. Банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарындағы қалдықтары
- 41-график. Ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі

- 42-график. Ұлттық Банктің Қазақстан Қор Биржасына қатысу коэффициенті
- 43-график. Ең төменгі резервтік талаптар нормативінің орындалуы
- 44-график. Қысқа мерзімді ноттарды орналастыру көлемі және олар бойынша кірістілік
- 45-график. Айналыстағы қысқа мерзімді ноттар
- 46-график. Ұлттық Банк тартқан депозиттер бойынша сыйақы көлемі және ставкалары
- 47-график. Ұлттық Банктің банктерден тартқан депозиттер бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі
- 48-график. Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру операцияларының көлемі
- 49-график. Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру операциялары бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі

Кестелер

- 1-кесте. Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі
- 2-кесте. Ұлттық Банк активтерінің және пассивтерінің өзгеру динамикасы
- 3-кесте. Ақша массасы өзгерістерінің динамикасы
- 4-кесте. Резиденттер депозиттерінің өзгеру динамикасы

Резюме

2012 жылғы 3-тоқсанда Қазақстан Республикасындағы инфляция 1,2% (2011 жылғы 3-тоқсанда – 1,1%) болды, 2012 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша жылдық инфляция 5,0% деңгейінде (2011 жылғы желтоқсанда – 7,4%) қалыптасты.

2012 жылғы 3-тоқсанда өткен кезеңдермен салыстырғанда инфляциялық процестердің кейбір баяулауы байқалды. 2012 жылғы 3-тоқсанда жанар-жағар май материалдары бағасының төмендеуі байқалды, жеміс-көкөніс өнімінің бағасы артты. Бұл ретте ақылы қызметтің жекелеген түрлеріне бағаның және тарифтердің артуы байқалады: суық және ыстық сумен жабдықтау, жылыту, көлік қызметі, білім.

Инфляциялық процестерге монетарлық факторлардың ықпалы ең төменгі деңгейде сақталып отыр. Мәселен 2012 жылғы 3-тоқсандағы ақша массасының өсуі небәрі 1,0% болды, қолма-қол ақша көлемі 2,3%-ға ұлғайды, ақша базасы 14,5%-ға тарылды.

Осылайша, тұтастай алғанда Қазақстандағы бағаның жалпы динамикасына маусымдық және климаттық факторлар себепші болды. Осы уақытта инфляцияның деңгейі жеткілікті түрде төмен, бұл Үкіметтің, Ұлттық Банктің және жергілікті атқарушы органдарының бірлескен күшімен іске асырылатын инфляцияға қарсы саясаттың тиімді болуын дәлелдейді.

Осыған байланысты Ұлттық Банк 3-тоқсанда қайта қаржыландыру ресми ставкасын төмендетті. Сөйтіп қайта қаржыландыру ресми ставкасы 2012 жылғы 6 тамыздан бастап жылдық 6,0%-дан 5,5%-ға дейін төмендетілді.

Ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк теңгенің айырбас бағамы жөніндегі жағдайды үнемі қадағалап отырады. Ішкі валюта нарығындағы теңге бағамын қолдауға мейілінше аз араласу саясатын ұстана отырып, Ұлттық Банк жағдайға қарай елеулі тұрақсыздыққа әкелетін бағам ауытқуларының алдын алу мақсатында шетел валютасын сатып алу және сату операцияларын жүргізеді. 2012 жылғы 3-тоқсанының қорытындысы бойынша теңге номиналды көрсетуде АҚШ долларына қарағанда 0,6%-ға, жыл басынан – 1,0%-ға әлсіреді.

Банктердің Ұлттық Банктегі депозиттері бойынша пайыздық ставкалар бұрынғыдай қалды: 7 күндік депозиттер бойынша 0,5% және 1 айлық депозиттер бойынша 1,0%.

Ең төменгі резервтік талаптар тетігі, сондай-ақ олардың нормативтері 2012 жылғы 3-тоқсанда өзгерген жоқ. Банктерге қойылатын ең төменгі резервтік талаптар нормативтері ішкі міндеттемелер бойынша 2,5% және өзге міндеттемелер бойынша 4,5% құрады.

Ақша нарығында қысқа мерзімді өтімділікті реттеуді Ұлттық Банк қысқа мерзімді ноттарды эмиссиялау және банктерден депозиттер тарту арқылы жүзеге асырды. Осы операциялардың көлемі 2011 жылғы 3-тоқсанның осындай көрсеткіштерімен салыстырғанда 2012 жылғы 3-тоқсанда төмендеді: қысқа мерзімді ноттардың эмиссиясы 63,7%-ға, банктерден тартылған депозиттердің көлемі – 3,8 есеге.

2012 жылғы 3-тоқсанда Ұлттық Банк банктердің ағымдағы өтімділігін қолдау үшін қайта қаржыландыру қарыздарын берді, осы операцияларға сұраныс шектеулі болып қалуда.

2012 жылғы 3-тоқсанның инфляция болжамын бағалау

2012 жылғы 3-тоқсанда инфляцияның нақты қалыптасқан деңгейі (1,1%) «Инфляцияға шолудың» алдыңғы басылымында жарияланған болжамнан шамалы (0,5-0,7%) жоғары болды. Барлық тоқсанның ішінде нақты инфляция болжамнан асып кетті.

2012 жылғы 3-тоқсанда бағалардың негізгі өсуі ақылы қызметтерге тиесілі болды. Олардың құрылымында тұрғын үй-коммуналдық саласының қызметтеріне, оның ішінде электр энергиясы, ыстық және суық сумен қамту, сондай-ақ білім беру қызметтері мен көлік қызметтері сияқты қызметтердің бағалары мен тарифтерінің өсуін атап өткен жөн.

Тамақ өнімдерінің және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың қымбаттауы 2012 жылғы 3-тоқсанда қалыпты болды. Бұл ретте нан өнімдері, балық және теңіз өнімдері бағаларының өсуін атап көрсеткен жөн, қалған тауарлардың бағалары салыстырмалы түрде тұрақты болып қалуда.

2012 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша инфляцияның жылдық көрсетумен нақты деңгейі 5,0% болды, бұл «Инфляцияға шолудың» алдыңғы басылымында жарияланған болжамдық мәннен (4,4-4,6%) біршама жоғары.

2012 жылғы 4-тоқсанға арналған инфляция болжамы


2012 жылғы 4-тоқсанда инфляция 2,7-2,9% шегінде күтіледі (2011 жылғы 4-тоқсанда нақты инфляция 1,1% деңгейінде қалыптасты). Бұл 2012 жылғы желтоқсанның аяғындағы 6,7-7,0% жылдық инфляцияға сәйкес келеді (1-график).

Әдетте, тұтынушылық нарықтағы ахуал жылдың соңғы айларында бағаның көтерілуімен сипатталады. Бұл маусымдық факторға және мерекелерге орай тұтынушылық сұраныстың жандануына байланысты. Нәтижесінде, осы кезеңде баға жыл бойы ең жоғары деңгейді көрсетеді.

2012 жылғы қазан-желтоқсанда жеміс-көкөніс өнімі, жұмыртқа, сүт және ет өнімі, киім және аяқ киім, тұрғын үй коммуналдық қызметтің жекелеген түрлері сияқты тауарлар мен қызметтер бағасының өсуі күтіледі. 2012 жылы Қазақстанның жекелеген аймақтарында байқалған қолайсыз ауа райы жағдайлары ауылшаруашылығының кейбір түрлерінің, оның ішінде дәнді дақылдар өндірісінің төмендеуіне себеп болғандығын атап өткен жөн. Бұл Қазақстандағы тиісті тауарларға баға белгілеуге теріс әсерін тигізуі мүмкін.

1-график

2012 жылғы инфляция фактісі және болжамы



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жылдың аяғында жанар-жағар май материалдары нарығындағы ахуал, ең алдымен, оның ішінде әкімшілік сипаттағы шараларды қолданудың арқасында тұрақты болып қалып отыр. Сонымен қатар, ыстық сумен жабдықтау, газбен қамту, жылыту маусымының басталуына орай электр энергиясы сияқты тұрғын үй коммуналдық қызметтің жекелеген түрлеріне бағалар мен тарифтердің өсуі мүмкін.

2013 жылға арналған инфляция болжамы

2013 жылы Ұлттық Банк елдегі баға тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауды жалғастырады. Ұлттық Банк басқаруындағы қолда бар ақша-кредиттік реттеу құралдарын пайдалана отырып, банк секторындағы қысқа мерзімді өтімділікті реттейтін болады. Бұл ретте қазіргі бар операциялардан басқа жаңа құралдарды пайдаланатын болады.

Пайыздық саясат ақша нарығындағы ахуалға және инфляция деңгейіне байланысты жүргізіледі. Ресми қайта қаржыландыру ставкасының деңгейі нақты көрсетуде оң болып сақталынады.

Ұлттық Банк теңгенің айырбас бағамының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдайтын болады.

Ұлттық Банк 2013 жылы тұтыну нарығындағы ахуал тұрақты болып қалады деп күтіледі. Инфляцияға көтеріңкі түрде ықпал ететін негізгі факторлар нақты экономикадағы өндірістің өсуінің оң қарқынының сақталуы, халықтың ақша кірісінің тұрақты өсуі, жұмыссыздықтың төмендеуі болып табылады. Бұдан басқа, тауарлар және қызметтердің жекелеген нарықтарында бәсекелестіктің төменгі деңгейі инфляциялық процестерді қалыптастыруға теріс ықпал етеді.

2013 жылы монетарлық факторлардың инфляцияға ықпалы аздап сақталынатын болады. Тұтастай алғанда Қазақстанның тұтыну нарығында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері Ұлттық Банктің және Үкіметтің бірлескен күштерімен шешілетін болады. Бағалау бойынша, инфляция бойынша көрсеткіштер 2013 жылы 2012 жылғы көрсеткіштермен салыстырмалы түрде болады.

2013 жылғы 1-тоқсанға арналған инфляция болжамы. Әдетте, жылдың бірінші айлары бағаның жоғары өсу қарқынымен сипатталады. 1-тоқсанда инфляцияның жедел болуы негізінен мынадай маусымдық факторлардың ықпалына байланысты: азық-түлік тауарларының жекелеген түрлері бағасының өсуі, ақылы қызмет көрсетуге арналған тарифтердің өсуі. Жылдың 1-тоқсаны ішінде айлық инфляция әдеттегідей 0,9-1,0% деңгейінде белгіленеді және тоқсандық инфляция 2,0%-дан астам болады.

2012 жылғы 1-тоқсанда инфляция жылдың осы уақытына тән емес төменгі деңгейде (1,1%) қалыптасты. Осы үрдістер қайталанған жағдайда және 2013 жылғы 1-тоқсанда жылдық инфляция 2012 жылғы 4-тоқсандағы деңгеймен салыстырылатын болады. Егер инфляциялық үдерістер 2013 жылғы 1-тоқсанда аздап күшейетін және өткен жылғы көрсеткіштерден асып кететін болса, жылдық инфляция 2013 жылғы наурыздың қорытындылары бойынша 7%-дан асатын деңгейде қалыптасуы мүмкін. Алайда 2013 жылғы 1-жартыжылдықтың аяғында тұтыну нарығында ахуал тұрақтанады.

1. Инфляциялық процестер


1.1. Тұтыну бағалары

2012 жылғы 3-тоқсанда өткен кезеңмен салыстырғанда тоқсандық инфляцияның баяулауы байқалды, ол 1,2% деңгейде (2011 жылғы 3-тоқсанда – 1,1%) қалыптасты. 2012 жылғы шілде-қыркүйекте инфляция негізінен ақылы қызметтер тарифтерінің өсуі есебінен қалыптасты.

2012 жылғы 3-тоқсанда азық-түлік тауарларының бағалары 0,7%-ға өсті (2011 жылғы 3-тоқсанда – 0,1%-ға төмендеді), ал азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағалары 0,4%-ға (өсуі 1,5%) өсті. Ақылы қызметтер осы кезеңде 2,6%-ға (2,2%-ға өсуі) қымбаттады (2-график). Ақылы қызметтер тарифтерінің күрт өсуі тұрғын үй-коммуналдық саласының бірқатар қызметтері бағаларының өсуімен түсініледі.

2-график

Тоқсандық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы (өткен кезеңге %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

2012 жылғы қыркүйекте 2012 жылғы тамызбен салыстырғанда азық-түлік тауарларының ішінде көп дәрежеде үн 9,4%, макарон өнімдері – 2,4%, нан – 0,9%, ет және ет өнімдері – 0,7%, оның ішінде қой және шошқа еті – 1,1%, сиыр еті – 0,7%, жылқы еті – 0,8%, сондай-ақ балық және теңіз өнімдері – 1,2% қымбаттады. Қаралып отырған кезеңде жемістер мен көкөністердің бағалары 0,5%, оның ішінде капуста – 11,3%, сәбіз – 10,7%, пияз – 8,8% өсті. Жарманың бағасы 6,6%, оның ішінде қарақұмық – 9,0%, тары – 3,9% төмендеді. Сонымен қатар азық-түлік тауарлары арасында жұмыртқа 5,0%, қант – 2,4%, сары май – 0,4% арзандады.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында есепті кезең үшін киімнің және аяқ киімнің бағасы 0,9%, тұрмыстық тұтыну заттары – 0,6%, оның ішінде ыдыс және асхана құралдары – 0,8%, жуу және тазалау құралдары – 0,6%, дәрі-дәрмектер – 0,5% өсті. Бензиннің құны 3,2%, дизель отынының құны – 5,1% төмендеді.

Ақылы қызмет көрсету құрылымында 2012 жылғы шілде-қыркүйекте тұрғын үй-коммуналдық саласындағы қызметке ақы төлеу 1,8%-ға қымбаттады. Бұл ретте ыстық суға ақы төлеу 4,7%, суық су – 2,1%, канализация – 3,1%, орталық жылыту – 1,6%, сығымдалған газ – 1,1%, электр энергиясы – 0,8% қымбаттады. Сонымен қатар көлік қызметінің бағасы – 5,3% (автомобиль көлігі қызметінің 7,7%-ға қымбаттауы есебінен), білім беру қызметі – 8,2%, оның ішінде жоғары білім беру қызметі – 13,7%, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру қызметі – 2,9%, орта білім – 2,8% өсті.

2012 жылғы қыркүйекте инфляция жылдық көрсетуде 5,0% (2011 жылғы желтоқсанда – 7,4%) болды. Соңғы 12 айда азық-түлік тауарлары – 4,4%-ға (9,1%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 3,4%-ға (5,3%-ға), ақылы қызметтер – 7,5%-ға (7,3%-ға) қымбаттады (3-график).

3-график

Жылдық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы (алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

1.2. Базалық инфляция

2012 жылғы 3-тоқсанда базалық инфляцияның көрсеткіштері 2-базалық инфляцияны қоспағанда 2012 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда барынша төменгі деңгейде қалыптасты. 2011 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда базалық инфляцияның барлық көрсеткіштері барынша төменгі қарқынмен белгіленді. Бұл ретте 2-базалық инфляция және 3-базалық инфляция ғана жалпы инфляция деңгейінен асты (4-график). Бұл көбінесе тұтыну қоржыны құрылымындағы үлесінің жоғары болуын ескере отырып, жеміс-көкөніс өнімі бағасының қалыпты өсу қарқынына және жанар-жағар май материалдар бағасының төмендеуіне байланысты болды.

4-график

Токсандық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы
(өткен кезеңге %-бен)


Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

2012 жылғы 3-тоқсанда базалық инфляцияның көрсеткіштері жылдық көрсеткіште әртүрлі бағытталған динамиканы көрсетті. 1-ші, 2-ші және 3-базалық инфляцияның динамикасы шілде-тамызда баяулады, ал қыркүйекте біршама жеделдеді. 4-базалық инфляция және 5-базалық инфляция бүкіл кезең бойы баяулады.

Бұл ретте 1-базалық инфляцияның және 2-базалық инфляцияның көрсеткіштері 2012 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша жалпы инфляциядан жоғары болды, ал базалық инфляцияның қалған көрсеткіштері неғұрлым төмен қарқынды көрсетті.

2012 жылғы қыркүйекте базалық инфляцияның барлық көрсеткіштері жылдық көрсеткіште 2011 жылғы желтоқсандағы көрсеткіштермен салыстырғанда неғұрлым төмен деңгейде қалыптасты. Бұл монетарлық факторлар тарапынан инфляцияға мейілінше аз әсер етуі аясында инфляциялық процестердің баяулағанын дәлелдейді (5-график).

5-график

**Жылдық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы
(өткен жылдың тиісті айына %-бен)**

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

1.3. Экономиканың нақты секторындағы бағалар

1.3.1. Өнеркәсіп өндірісіндегі бағалар

2012 жылғы 3-тоқсанда өнеркәсіп өнімдерін шығаратын кәсіпорындардың бағалары 1,6%-ға (2011 жылғы 3-тоқсанда 0,2%-ға төмендеу) көтерілді. Өндірілген өнім құнының бағасы 1,6%-ға өсті, бұл ретте оның құрамындағы аралық тұтыну өнімінің бағасы 1,3%-ға қымбаттады, өндіріс құралдарының бағасы 0,1%-ға төмендеді, тұтыну тауарларының бағасы 3,4%-ға қымбаттады. Өндірістік сипаттағы қызметтер 0,9%-ға қымбаттады.

2012 жылғы 3-тоқсанда тамыз және қыркүйекте мұнайдың әлемдік бағасының өсуіне байланысты, тау-кен өндіру саласындағы баға алдыңғы кезеңдегі 5,1%-ға төмендеумен салыстырғанда 2,2%-ға көтерілді (2011 жылғы 3-тоқсанда төмендеу 1,0%).

Энергия ресурстарының құны алдыңғы тоқсанда 3,9%-ға төмендегеннен кейін 2012 жылғы 3-тоқсанда 2,2%-ға (2011 жылғы 3-тоқсанда 1,2%-ға төмендеу) өсті. Шикізат энергия ресурстарының құрамында мұнай өндіру бағасы 3,0%-ға көтерілді (2011 жылғы 3-тоқсанда 1,5%-ға төмендеу), ал газ конденсатының құны 0,5%-ға (1,4%-ға өсу) ұлғайды.


Өңдеуші өнеркәсіптегі баға алдыңғы тоқсанда 0,2%-ға төмендегеннен кейін есепті кезеңде өзгеріссіз қалды (2011 жылғы 3-тоқсанда 1,4% өсу). Бұл ретте 2012 жылғы 3-тоқсанда өнеркәсіптің металлургиялық саласындағы бағалар 2,4%-ға төмендеді, азық-түлік өнімдерін өндіру 6,6%-ға қымбаттады, мұнай өңдеу өнімдерінің бағасы 4,8%-ға төмендеді.

Электрмен жабдықтауда, газ, бу беруде және ауаны желдетуде 2012 жылғы 3-тоқсанда баға 0,9% өсті (2011 жылғы 3-тоқсанда бағаның өсуі 0,5% құрады).

2012 жылғы қыркүйекте өнеркәсіп өндірісіндегі бағаның өсуі жылдық көрсетуде (2012 жылғы қыркүйек 2011 жылғы қыркүйекке) 1,3% болды (2011 жылғы қыркүйекте бағаның өсуі жылдық көрсетуде 31,6% болды) (6-график).

6-график

Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары индексінің динамикасы (өткен жылдың тиісті айына %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

Өндірілген өнім жылдық көрсетуде 1,2%-ға қымбаттады, бұл ретте аралық тұтыну өнімдерінің бағасы – 0,2%-ға көтерілді, тұтыну тауарлары – 5,6%-ға қымбаттады, өндіріс құралдарының бағасы – 2,5%-ға өсті. Өндірістік сипаттағы қызметтер 2,3%-ға қымбаттады.

1.3.2. Ауыл шаруашылығындағы бағалар

2012 жылғы 3-тоқсанда барлық арналар бойынша сатылған ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы 4,1%-ға (2011 жылғы 3-тоқсанда – 3,3%-ға өсу) көтерілді. Ауыл шаруашылығындағы бағалар динамикасы мал шаруашылығымен салыстырғанда өсімдік шаруашылығындағы бағалардың барынша жоғары өсуі әсерінен қалыптасты.


Алдыңғы тоқсанда өсімдік шаруашылығы өнімі бағасының 1,6%-ға төмендеуімен салыстырғанда, 2012 жылғы шілде-қыркүйекте өсімдік шаруашылығының өнімі 6,2%-ға (2011 жылғы 3-тоқсанда 7,3% төмендеу) қымбаттады. Өсімдік шаруашылығының құрамында дәнді дақылдардың бағасы 7,1% көтерілді, көкөністің бағасы 2,0% қымбаттады, картоп бағасы 3,7%-ға өсті.

Мал шаруашылығының өнімдері 2012 жылғы 2-тоқсандағы 3,7%-ға төмендегеннен кейін 2012 жылғы 3-тоқсанда 1,5%-ға (2011 жылғы 3-тоқсанда 2,6% өсу) қымбаттады. 2012 жылғы шілде-қыркүйекте мал және құс етінің бағасы 1,8%-ға өсті, шикі сүттің құны 0,3%-ға төмендеді, жұмыртқа 1,9%-ға қымбаттады.

2012 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің бағасы жылдық көрсетуде 6,2%-ға төмендеді. Бұл ретте өсімдік шаруашылығы өнімі 15,5%-ға арзандады, мал шаруашылығы өнімінің бағасы 15,5%-ға өсті (7-график).

7-график

Ауыл шаруашылығы өнімі бағалары индексінің динамикасы (өткен жылдың тиісті айына %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

1.3.3. Кәсіпорындар мониторингі

2012 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындардың дайын өніміне деген сұраныс тұтастай алғанда экономиканың нақты секторы бойынша өсті, мұны дайын өнімге сұраныстың өзгеру диффузиялық индексінің 56,7-ге дейін (2012 жылғы 2-тоқсандағы 56,2-дан) өсуінен көруге болады. Көрсеткіш өніміне сұраныс төмендеген кәсіпорындар үлесінің 15,1%-ға дейін (2012 жылғы 2-тоқсанда – 15,8%) азаюы және өніміне сұраныстың ұлғаюын атап өткен кәсіпорындар үлесінің 28,6%-ға дейін (2012 жылғы 1-тоқсанда – 19,8%) ұлғаюы есебінен болды.

Дайын өнімге сұраныстың өсуі барлық салаларда байқалды. Сұраныстың елеулі өсуі ауылшаруашылығында, өндіруші өнеркәсіпте, көлік және байланыста, құрылыста, кәсіпорындардың 50%-нан астамын қамтитын «Электр энергиясын, газ және су өндіру және бөлу» саласында, «жылжымайтын мүлік, жалдау және кәсіпорындарға көрсетілетін қызмет операциялары» саласында болды. Дайын өнімге сұраныстың барынша жоғары өсу қарқыны, тұтастай алғанда, экономика бойынша мынадай салаларда байқалды: ауыл шаруашылығы (диффузиялық индекс – 69,1), «жылжымайтын мүлік, жалдау және кәсіпорындарға көрсетілетін қызмет операциялары» (60) құрылыс (58,3) салалары, «көлік және байланыс» (57) және өндіру өнеркәсібі (56,8) салалары.

2012 жылғы 4-тоқсанда 3-тоқсанмен салыстырғанда тұтастай алғанда нақты сектор бойынша сұраныс қарқынының аздап баяулауы күтілуде: кәсіпорындардың күтулері бойынша сұраныстың диффузиялық өзгеру индексі 54,4 құрады. Соған қарамастан, өзінің өніміне сұраныстың өсуін барлық саланың кәсіпорындары күтуде. Ең көп сұраныс «электр энергиясын, газ және су өндіру мен бөлу» (69,2), ауылшаруашылығы (65,9) салаларында күтіледі.

Кәсіпорындардың дайын өніміне бағаның өсу қарқыны 2012 жылғы 3-тоқсанда біршама көтерілді: дайын өнім бағасының өзгеруінің диффузиялық индексі бағалардың өсуін 22,1%-ға дейін (2012 жылғы 2-тоқсандағы 18,9%-дан) атап өткен кәсіпорындар санының азаюы және бағалардың 5,8%-ға дейін (2012 жылғы 2-тоқсандағы 7,3%-дан)

төмендеуін атап өткен кәсіпорындар санының азаюы ебінен 58,1 белгіге (2012 жылғы 2-тоқсанда 55,8-дан) дейін ұлғайды.

Дайын өнім бағасының өсу қарқыны ауыл шаруашылығында барынша көтерілді, мұнда диффузиялық индекс 68,2-ге дейін (2012 жылғы 2-тоқсандағы 52,2-дан) ұлғайды және өндіруші өнеркәсіпте: диффузиялық индекс 57,1 дейін (2012 жылғы 2-тоқсандағы 50-дан) ұлғайды. Экономиканың басқа салаларында да баға өсуінің қарқыны аздап көтерілуі байқалады. «Электр энергиясын, газ және су өндіру және бөлу» және «қонақ үйлер мен мейрамханалар» салаларында ғана бағалардың өсу қарқыны ұлғайғаны (диффузиялық индекс 2012 жылғы 2-тоқсандағы 59,5, 60,8 және 55,2-ден тиісінше – 58,5, 58,1 және 50,8 дейін төмендеді) байқалды.

2012 жылғы 4-тоқсанда тұтастай алғанда экономиканың нақты секторы бойынша бағаның өсу қарқынының ұлғаюы күтілуде: дайын өнімге бағалардың өзгеруінің диффузиялық индексі 58,7 құрады. Бұл ретте өндіру өнеркәсібі және құрылыс салаларын қоспағанда, баға өсу қарқынының ұлғаюы барлық салалардың кәсіпорындарында күтіледі. Дайын өнім бағасының барынша ұлғаюы «қонақ үйлер мен мейрамханалар», өңдеу өнеркәсібі салаларында және «көлік және байланыс» саласында күтіледі. Ауылшаруашылығындағы өсу қарқыны өткен тоқсандағы деңгейде күтіледі.


2012 жылғы 3-тоқсанда шикізат және материалдар бағасының өсу қарқыны аздап ұлғайды: бағалардың өзгеруінің диффузиялық индексі 73,6 (2012 жылғы 2-тоқсанда – 72,2) құрады. Бағаның өсу қарқынының көтерілуі ауылшаруашылығында, өңдеу өнеркәсібінде, «электр энергиясын, газ және су өндіру және бөлу» және «сауда және байланыс» салаларында байқалды. Бағалардың өсу қарқынының аздап баяулағаны «көлік және байланыс», «қонақ үйлер мен мейрамханалар», «жылжымайтын мүлік, жалдау және кәсіпорындарға көрсетілетін қызмет операциялары» сияқты салаларда байқалды. Тұтастай алғанда іріктеу бойынша, шикізат және материалдар бағасының өсуін атап өткен кәсіпорындардың үлесі 49% құрады, кәсіпорындардың 2% ғана бағаның төмендеуін атап өтті.

2012 жылғы 3-тоқсан бойынша шикізат және материалдар бағаларының өзгеруінің диффузиялық индексі 70,1 дейін төмендеді, бұл 3-тоқсаға қарағанда бағаның өсуінің баяулауын білдіреді. Көрсеткіш бағаның өсуін күткен кәсіпорындар үлесі айтарлықтай азаюы есебінен төмендеді.

Осылайша, тиісті диффузиялық индекстердің динамикасына қарай 2012 жылғы 4-тоқсан бойынша кәсіпорындардың күтулері дайын өнімге сұраныстың айтарлықтай өсуімен, олардың бағасының өсу қарқынының аздап ұлғаюымен және шикізат пен материалдар бағасының өсуінің баяулауымен байланысты (8-график).

8-график

Сұраныс пен бағалар өзгерісінің диффузиялық индекстері



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2. Инфляция факторлары

2.1. Жиынтық сұраныс

2012 жылғы 2-тоқсанда түпкілікті пайдалану әдісі бойынша ЖІӨ 2011 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты көрсетуде бағалау бойынша 5,5%-ға (2011 жылғы 2-тоқсанда өсу бағалау бойынша 7,9%, 2012 жылғы 1-тоқсанда өсу – 5,4% болды) нақты көрсетілімде ұлғайды.

ЖІӨ-нің 2012 жылғы 2-тоқсанда өсуі үй шаруашылықтарының ағымдағы тұтынуына жұмсалатын шығыстардың ұлғаюымен байланысты түпкілікті тұтынуға жұмсалған шығыстардың және мемлекеттік басқару органдары шығыстарының өсуі, жалпы жинақтың және таза экспорт салымының төмендеуі әсерінен қалыптасты.


Тұтастай алғанда, бағалау бойынша, 2011 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда түпкілікті тұтынуға шығыстар 2012 жылғы 2-тоқсанда 12,6%-ға өсті (2012 жылғы 1-тоқсанда 12,6%-ға өсу), жалпы жинақталған қаражат 1,8%-ға төмендеді (45,5%-ға өсу), ал таза экспорт 13,2%-ға (15,9%-ға өсу) төмендеді.

Нәтижесінде үй шаруашылықтарының және мемлекеттік басқару органдарының тұтынуына жұмсалған шығыстар ЖІӨ-нің тиісінше (+)7,3% және (+)0,8% мөлшерінде қалыптасуына оң үлес қосты, сондай-ақ жалпы жинақталған қаражат ЖІӨ-ні (-)0,5%-ға төмендетті.

Бұл ретте жалпы жинақталған қаражат құрамында негізгі капиталды жинақтау үлесіне (+)0,4%, ал материалдық айналым қаражаты қорларының өзгеруіне (-)0,8% тиесілі болды. Өз кезегінде таза экспорт (-)1,8% мөлшерінде ЖІӨ-нің өсуіне теріс әсер етті (9-график).

9-график

Жиынтық сұраныстың құрамдас бөліктерінің ЖІӨ өсіндегі үлесі, %



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

2.1.1. Жеке тұтыну және инвестициялық сұраныс


2012 жылғы 2-тоқсанда үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуына жұмсалған шығыстар 2011 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 14,1%-ға (2012 жылғы 1-тоқсанда өсуі – 12,1%-ға) ұлғайды.

Нақты көрсеткіштегі жан басына шаққандағы ақша кірісінің өсу қарқыны 2012 жылғы 2-тоқсанда 14,2%-ға дейін бәсеңдеді (2012 жылғы 1-тоқсанда – өсуі 17,7%-ға), ал нақты көрсетуде 8,8%-ға дейін (өсуі – 12,0%) бәсеңдеді. Бұл ретте, халықтың табысы өсуінің қарқынындағы осы өзгеріс 2012 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 13,2%-ға жылдамдатылған (2012 жылғы 1-тоқсанда – өсуі 12,0%) бөлшек тауар айналымына елеулі әсер еткен жоқ.

Алайда бөлшек тауар айналымы өсуінің қарқыны жылдамдауы ЖІӨ негізгі құрамдас бөліктері бірінің көрсеткішіне түпкілікті пайдалану әдісімен әсер етті, атап айтқанда, үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтыну шығыстарының өсуіне ықпал етті, ол 14,1%-ға ұлғайды, ал осы өсу осыдан бір тоқсан бұрын 12,1% жеткен болатын (10-график).

10-график

Халықтың шығыстары мен кірістерінің динамикасы (өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

2012 жылғы сәуір-маусымда нарықта және жеке кәсіпкерлерде сату көлемі 17,3% өссе, сауда жасайтын кәсіпорындарда (дүкендерге) сату көлемінің өсу қарқыны төмен болды да 2,1% құрады. Бұл ретте, бөлшек тауар айналымының жалпы көлемінде нарықтық сауданың үлесі 45,8%-дан 49,2%-ға дейін өсті.

Сауданың өсуінің жылдамдығына 2012 жылғы 2-тоқсанда халықтың кредиттік белсенділігі әсер етті.


Халықты кредиттеудің 2012 жылғы 1-тоқсанда 1,4% өсуінен кейін 2012 жылғы 2-тоқсанда өсу қарқыны 6,3%-ға дейін жылдамдады. Бұл ретте азаматтардың тұтынушылық мақсаттарына кредит беру 2012 жылғы 1-тоқсандағы 3,4%-бен салыстырғанда, оның өсуі 2012 жылғы 2-тоқсанда 10,6%-дейін жылдамдады.

Негізгі капиталдың жалпы жинағының өсу қарқынының 3,2%-ға ұлғаюы (2012 жылғы 1 тоқсан – 3,3% есе өсім) аздап бәсеңдеуі (+)0,4% мөлшерінде ЖІӨ-нің өсуіне оң үлес қосты, бұл ретте, екінші компонент, яғни материалдық айналым құралдары қорының өзгеруі ЖІӨ-нің өсуін (-)0,8%-ға төмендетіп, теріс ықпал етті.

Жалпы жинақталудың 2012 жылғы 2-тоқсандағы ұлғаюы кәсіпорындардың жоғары инвестициялық белсенділігіне қарамастан шектеліп тұрды, оның нәтижесінде негізгі капиталға инвестициялардың көлемі бір тоқсанда 3,6%-ға көтерілді, 2012 жылғы 1-тоқсанда өсім 3,1%-ға жеткен болатын (11-график).

11-график

Негізгі капиталға инвестицияларға жұмсалатын шығыстардың динамикасы (өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

2.1.2. Мемлекеттік тұтыну

2012 жылғы 2-тоқсанда мемлекеттік басқару органдарының түпкілікті тұтынуына арналған шығыстар 2011 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 10,8%-ға (2012 жылғы 1-тоқсанда – төмендеуі 15,0%-ға) өсті.

Тұтастай алғанда, 2012 жылғы 2-тоқсанда мемлекеттік бюджеттің шығыстары 1934,1 млрд. теңге сомаға немесе ЖІӨ-ге шаққанда 29,5%-ға қаржыландырылды (2011 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 25,0% есе өсті).

Мемлекеттік бюджеттің ағымдағы шығындары 1,3 трлн. теңге болды, бұл 2011 жылғы 2-тоқсанға қарағанда 24,4%-ға көп. Ағымдағы шығындар құрамында 2011 жылдың осындай тоқсанымен салыстырғанда басқа ағымдағы трансферттер (50,7%), шетелге ағымдағы шығындар (48,7%), тауарларды сатып алу (47,8%), еңбекақы (31,3%) және жұмыс істеушілердің жарналары және қызметті сатып алу (27,4%) елеулі өсуді көрсетті.

Мемлекеттік бюджеттің күрделі шығындары 2012 жылғы 2-тоқсанда 2011 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда негізінен, негізгі капиталды сатып алуға және күрделі жөндеуге шығыстардың ұлғаюы есебінен 5,9%-ға өсті. Шетелге және ел ішіндегі күрделі трансферттерге шығындар 2012 жылғы 2-тоқсанда да өзгерген жоқ.

Бюджеттік кредиттер 2011 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 2012 жылғы 2-тоқсанда 62,1%-ға төмендеді, қаржы активтерін сатып алу шығыстары 76,2%-ға ұлғайды.

2012 жылғы қаңтар-маусымда мемлекеттік бюджеттің түсімдері 1845,3 млрд. теңгені немесе ЖІӨ-ге шаққанда 28,1%-ды құрады, бұл 2011 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 20,4%-ға көп. Мемлекеттік бюджет кірістерінің құрылымында екі бап бұрынғысынша басым: салық түсімдері – 57,2%-ды (2011 жылғы 2-тоқсанда – 65,9%), ресми трансферттер – 32,0%-ды (31,0%) құрады. Ресми трансферттердің жоғары үлесі республикалық бюджетке Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілді трансферттердің 590,0 млрд. теңге мөлшерінде түсуімен қамтамасыз етілді.

Тұтастай алғанда, 2012 жылғы 2-тоқсанда салық түсімдерінен түскен кірістің көрсеткіштері 2011 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 4,3%-ға ұлғайды. Өсу корпоративтік табыс салығы бойынша, жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша түсімдердің (абсолютті мәнде) ұлғаюымен қамтамасыз етілді.


2012 жылғы 2-тоқсанда 2011 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда салықтық емес түсімдер, негізінен мемлекеттік меншіктен кірістің өсуі және мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды жүргізуден түскен ақша есебінен 6,3 есеге едәуір өсті.

2-тоқсанда 2011 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда трансферттердің түсімі 24,2% ұлғайды, ал негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 57,2% төмендеді.

2012 жылғы 2-тоқсанда шығыстардан кірістер асып түсу нәтижесінде 2011 жылғы 2-тоқсандағы 14,8 млрд. теңге (ЖІӨ-ге шаққанда 0,3%) дефицитіне қарсы мемлекеттік бюджет 88,9 млрд. теңге дефицитімен (ЖІӨ-ге 1,4%) қалыптасты (12-график). Ұлттық қордан республикалық бюджетке 590,0 млрд. теңге мөлшерінде аударылған кепілді трансферттер болмағанда, 2012 жылғы 2-тоқсанда 678,9 млрд. теңге мөлшеріндегі мұнайға жатпайтын дефицитпен аяқталатын еді.

12-график

Мемлекеттік бюджеттің орындалуы, ЖІӨ-ге %-бен



Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

Қаржы министрлігі 2012 жылғы 2-тоқсан ішінде негізінен мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару арқылы 250,7 млрд. теңге мөлшерінде заем қаражатын тартты. Осы кезеңде сондай-ақ бұдан бұрын шығарылған бағалы қағаздар бойынша борыштық міндеттемелер 88,7 млрд. теңге сомасына өтелді. Нәтижесінде Ұлттық Банктегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотындағы қалдық 73,1 млрд. теңгеге ұлғайды.


2012 жылғы 2-тоқсанда Үкіметтің ішкі борышы 2373,8 млрд. теңгеге (ЖІӨ-ге шаққанда 36,2%) дейін ұлғайды, яғни 2011 жылдың 2-тоқсанымен салыстырғанда 30,7%-ға көп (ЖІӨ-ге шаққанда 31,2%). Өсу мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық облигацияларын (МЕУКАМ), мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерін (МЕУЖКАМ) және мемлекеттік орташа мерзімді қазынашылық міндеттемелерін (МЕОКАМ) шығарумен қамтамасыз етілді.

Үкіметтің сыртқы борышы 2012 жылғы 2-тоқсанда 2011 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда (ЖІӨ-ге шаққанда 10,1%) 19,1%-ға ұлғайып, 661,8 млрд. теңгені (ЖІӨ-ге шаққанда 9,5%) құрады.

Мемлекеттік бюджет дефицитінің төмендеу үрдісі байқалады. 2012 жылғы 2-тоқсанда жылдық көрсетілімде дефицит ЖІӨ-ге шаққанда 1,9% (ЖІӨ-ге шаққанда 2011 жылы – 2,1%) (13-график) құрады.

13-график

Мемлекеттік бюджеттің орындалуы, жылдық көрсетілімде ЖІӨ-ге %-бен



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

* - 2011 жылғы 3-тоқсаннан бастап 2012 жылғы 2-тоқсан аралығындағы кезең үшін

2.1.3. Сыртқы сектор


– Әлемдік баға

2012 жылғы 2-тоқсанда әлемдік тауар нарықтарында жағдайдың төмендеуі, сондай-ақ жекелеген тауар позицияларына бағаның өсу қарқыны бәсеңдеуі байқалды.

2012 жылғы 2-тоқсанда әлемдік нарықтарда металдың жекелеген түрлеріне бағаның төмендеуі байқалды. 2012 жылғы 2-тоқсанда мыстың бағасы 5,2%-ға төмендеді және осы кезеңде орташа алғанда бір тонна үшін 7889 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты. Алюминийдің бағасы тұтастай алғанда, 2012 жылғы 2-тоқсанда 9,0%-ға

төмендеді және бір тонна үшін 1982 АҚШ долл. болды. Қорғасынның әлемдік бағасы 2012 жылғы сәуір-маусымда 5,4% төмендеді, орташа алғанда кезең үшін бір килограмм үшін 197,9 цент болды. Мырыштың бағасы бір килограмм үшін кезеңдегі орташа бағасы 193,2 цент кезінде 4,6%-ға төмендеді (14-график).

14-график

Металдың әлемдік бағасының динамикасы


Дерек көзі: Дүниежүзілік Банк

2012 жылғы 2-тоқсанда 2011 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда Brent сұрыпты мұнайдың бағасы 8,2%-ға төмендеді және кезеңде орташа алғанда бір баррель үшін 108,9 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты (15-график).

Бидайдың әлемдік бағасы 2012 жылғы маусымда аздап көтеріліп бүкіл кезең бойы бірте-бірте төмендеді. Тұтастай алғанда, 2011 жылғы 2-тоқсанда бидайдың (АҚШ) әлемдік бағасы алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 3,5% төмендеді, бір тонна үшін орташа алғанда 269,0 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты (15-график).

15-график

Мұнайдың (Брент), бидайдың (Канада) әлемдік бағасының динамикасы




Дерек көзі: Дүниежүзілік Банк

– Төлем балансы

2012 жылғы 2-тоқсанның қорытындылары бойынша төлем балансының ағымдағы шоты 5,0 млрд. АҚШ доллары немесе тиісті кезеңнің ЖІӨ қатынасы бойынша 11,5% деңгейінде оң сальдомен қалыптасты (16-график).

16-график

Ағымдағы операциялар шотының балансы, млн. АҚШ долл



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Тауарлар экспортынан түсімдер 2012 жылғы 2-тоқсанда 2011 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 2,9%-ға 25,0 млрд. АҚШ долларына дейін азайды, ал тауар

импортына арналған шығыстар – 11,4 млрд. АҚШ долларын құрап 2,2%-ға ұлғайды. Сауда балансының оң сальдосы 6,8%-ға азайды және 13,7 млрд. АҚШ долл. болды. 2012 жылғы 2-тоқсанда қызмет көрсету балансының дефициті 2011 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 43,7%-ға 1,9 млрд. АҚШ долл. дейін ұлғайды, кірістер балансының дефициті 20,7% төмендеді және 6,5 млрд. АҚШ долл. болды. Ағымдағы трансферттер бойынша резидент еместерге нетто түсімдер 216,0 млн. АҚШ долл. болды.

Қаржы шотының операциялары бойынша ресурстардың нетто-әкетілуі 2012 жылғы 2-тоқсанда 747,6 млн. АҚШ долл. болды (2011 жылғы 2-тоқсанда – нетто-әкелу 4,8 млрд. АҚШ долл.). Резиденттердің шетелдік активтері (резервтік активтерді қоспағанда) 2011 жылғы тиісті кезеңдегі 8,1 млрд. АҚШ долларына өсумен салыстырғанда 2,9 млрд. АҚШ долл. өсті. Резиденттердің сыртқы міндеттемелері де 4,0 млрд. АҚШ долл. өсті (2011 жылғы 2-тоқсанда 3,4 млрд. АҚШ долл. ұлғайды).

Нәтижесінде төлем балансының операциялары бойынша оң сальдо 2012 жылғы 2-тоқсанда 419,4 млн. АҚШ долл. болды (2011 жылғы 2-тоқсанда – теріс сальдо 1,1 млрд. АҚШ долл.).

– Сауда талаптары және нақты тиімді айырбастау бағамы

2012 жылғы 2-тоқсанда 2011 жылғы 2-тоқсанның тиісті көрсеткішімен салыстырғанда сауда талаптарының жиынтық индексі 15% жоғары болды. Бұл ретте еуро аймағындағы елдермен сауда талаптары 13%-ға, Ресеймен – 12%-ға жақсарды (1-кесте).

1-кесте

Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі (өткен жылғы тиісті кезеңге, %-бен)

	11 ж. 2-тоқ.	11 ж. 3-тоқ.	11 ж. 4-тоқ.	12 ж. 1-тоқ.	12 ж. 2-тоқ.
Экспорт бағасы	49	55	34	11	0
Импорт бағасы	17	10	9	5	-13
Сауда талаптары	29	41	23	7	-15
оның ішінде:					
Еуро аймағы елдері					
Экспорт бағасы	48	53	36	19	4
Импорт бағасы	20	15	12	14	-7
Сауда талаптары	23	31	20	5	13
Ресей					
Экспорт бағасы	39	62	45	9	-8
Импорт бағасы	27	11	2	0	-19
Сауда талаптары	10	40	44	10	12


Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2012 жылғы 2-тоқсанның қорытындысы бойынша өткен кезеңмен салыстырғанда теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамының индексі 2,1%-ға нығайды. Бұл ретте ТМД елдерінің валюталар қоржынына қатысты теңге 2,2%-ға, қалған елдердің валюталар қоржынына қатысты 2,0%-ға нығайды.

2012 жылғы 2-тоқсанда теңге нақты көрсетуде АҚШ долларына қатысты өткен кезеңмен салыстырғанда 0,7%-ға нығайды, еуроға қатысты 2,5%-ға нығайды, ал Ресей рубліне қатысты 2,6%-ға нығайды (17-график).

17-график

**Теңгенің нақты айырбас бағамдарының индекстері
(2000 жылғы желтоқсан = 100%)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

– **Теңгенің номиналдық айырбастау бағамы**

Теңгенің орташа алынған биржалық айырбастау бағамы 2012 жылғы 3-тоқсанда бір доллар үшін 149,67 теңгені құрады. Биржалық бағам кезеңнің аяғында бір доллар үшін 149,86 теңге болды. Жыл басынан бастап теңге номиналды көрсетуде АҚШ долларына қарағанда 1,0%-ға әлсіреді (18-график).

18-график

Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық айырбастау бағамының динамикасы



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


Шілдеде және қыркүйекте теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы тиісінше 0,4% - 0,2% әлсіреді, тамызда - 0,3% нығайды.

Ішкі валюта нарығындағы биржалық сегментте еуро және Ресей рублімен мәмілелер көлемі шамалы болып отырғандықтан, теңгенің осы валюталарға қатысы бойынша бағамы АҚШ долларына кросс-бағам негізінде есептеледі. Тиісінше теңгенің еуроға және Ресей рубліне қатысты бағамының динамикасы теңгенің АҚШ долларына бағамының динамикасымен, халықаралық қаржы нарығындағы бірыңғай еуропалық валютаның жағдайымен және Ресей Орталық Банкінің Ресей рублінің айырбастау бағамының валюталар қоржынына қатысты саясатымен айқындалды.

Тұтастай алғанда, 2012 жылғы 3-тоқсанда теңгенің еуроға ресми бағамы 4,1%-ға және Ресей рубліне қатысты 6,4%-ға әлсіреді (19-график).

19-график

Теңгенің еуроға және ресей рубліне шаққандағы ресми бағамының динамикасы




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2.2. Өндіріс

2011 жылғы 2-тоқсанда ЖІӨ өндірісінің көлемі ағымдағы бағамен 6559,1 млрд. теңге болды. Ауыл шаруашылығын қоспағанда, іс жүзінде экономиканың барлық салаларында өндіріс өсуінің оң ықпалының әсерінен ЖІӨ-і 2011 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда нақты көрсетуде (2005 жылғы бағамен) бағалау бойынша 5,4%-ға ұлғайды (20-график).

20-график

Нақты ЖІӨ-нің өсуіне экономиканың негізгі салаларының үлесі (өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

Тауарлар өндірісі бөлігінде ауыл шаруашылығы төмендеуді көрсеткен кезде, өнеркәсіптің және құрылыстың өсуі байқалды. Бұл ретте өнеркәсіптің өсуіне қарамастан оның құрамындағы тау кен өндіруші өнеркәсіппен және карьерлерді игеру 0,6%-ға төмендеді, бұл өнеркәсіп өндірісі өсуі қарқынының бәсеңдеуіне себепші болды.

Бағалау бойынша, өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2012 жылғы 2-тоқсанда 1,6% (2011 жылғы 1-тоқсан – 3,4%-ға өсті) ұлғайды, құрылыс – 1,7%-ға өсті (төмендеу 0,7%) ауыл шаруашылығы – 7,0% (төмендеу 5,0%) төмендеді, олар жиынтығында 0,2% мөлшерінде ЖІӨ өсуін қалыптастыруға оң үлес қосты.

Қызмет көрсету өндірісі бөлігінде жалпы ішкі өнімнің осы құрамдас бөлігінің барлық салалары іс жүзінде өсумен байқалды. «Үй қызметкерлерін жалдайтын және жеке тұтыну үшін тауарлар мен қызметтерді өндіретін үй шаруашылығының қызметі», «өнер, ойын-сауық және демалыс», «мемлекеттік басқару және қорғаныс» сияқты кейбір салалардың аз ғана салмағынан олардың ЖІӨ өсуіне үлесі нөл деңгейінде қалып отыр. Нәтижесінде қызмет өндірісі секторына кіретін салалар жиынтықта ЖІӨ өсуіне 9,4% деңгейінде оң үлес қосуға себепші болды.

Өнімге және импортқа таза салықтар көлемінің 3,8% ұлғаюы ЖІӨ-нің өсуіне 0,2% (2012 жылғы 1-тоқсанда өсу 0,5%) мөлшерінде оң әсер етті.

2.3. Еңбек нарығы

2.3.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық


2012 жылғы 3-тоқсанда экономикада жұмыспен қамтылғандар саны бастапқы деректер бойынша өткен кезеңдегімен салыстырғанда 0,2% ұлғайып, 8,5 млн. адам болды (2011 жылғы 3-тоқсандағы өсу 1,1%-ды құрады). Бұл ретте жалдамалы қызметкерлердің саны 2012 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 0,5%-ға ұлғайып, 5,8 млн. адам болды, өздігінен жұмыспен қамтылғандар 2,7 млн. адам (өсуі 0,5%) болды.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардағы жалдамалы қызметкерлердің құрылымында 4,8 млн. адам (жалдау бойынша барлық жұмыс істейтіндердің 81,6%), жеке тұлғаларда – 0,7 млн. адам (12,5%), шаруа (фермер) қожалықтарында – 0,3 млн. адам (5,9%) жұмыс істеді.

2012 жылғы 3-тоқсанда жұмыссыздар саны 472,8 мың адамды құрады, бұл алдыңғы кезеңдегімен салыстырғанда 0,1% аз және 2011 жылғы 3-тоқсандағыдан 0,1% көп (21-график).

21-график

Экономикалық белсенді халықтың құрылымы, млн. адам



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

2012 жылғы шілдеде және тамызда жалдамалы қызметкерлер құрамында мынадай салалық құрылымдық өзгерістер байқалды.


2011 жылғы тиісті айлармен салыстырғанда жұмыспен қамтудың өсуін қамтамасыз еткен негізгі салалар мыналар болды: тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді игеру; құрылыс; сауда; әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет; өнер, ойын-сауық және демалыс; денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер; білім беру; мемлекеттік басқару және қорғаныс, міндетті әлеуметтік сақтандыру.

Жұмыспен қамтылғандар санының төмендеуі: ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы; өңдеуші өнеркәсіп салаларында байқалды.

Бір салалардағы жұмыспен қамту санының төмендеуі олардың басқа салалардағы өсуімен өтелді. Нәтижесінде, жұмыссыздық деңгейі 2012 жылғы 2-тоқсандағы 5,3%-ға қарағанда 2012 жылғы 3-тоқсанда 5,2%-ға дейін төмендеді, бұл ретте қатарынан үш ай бойы 5,2% деңгейінде тұрақты болғаннан кейін 2012 жылғы қыркүйекте, жұмыссыздықтың өсуі 5,3% дейін жылдамдатылды (22-график).

22-график

Нақты жұмыссыздық деңгейі, %



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

2.3.2. Жалақы және өнімділік

Орташа айлық жалақы өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2012 жылғы 2-тоқсанда номиналды көрсетуде 18,0%-ға (2011 жылғы 1-тоқсанда – 17,1% өсті), ал нақты көрсетуде 12,5%-ға (өсуі – 11,5%) ұлғайды.

Алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда номиналды жалақы 7,1% өсті, ал нақты жалақы 5,4% ұлғайды.


2012 жылғы маусымда 2011 жылғы маусыммен салыстырғанда номиналды көрсетудегі жалақы неғұрлым жоғары дәрежеде мынадай салаларда: мемлекеттік басқару және қорғаныс – 33,5%-ға; денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету – 29,6%-ға; білім беру – 27,2%-ға; өнер, ойын сауық және демалыс 22,0%-ға; ауыл, орман және балық шаруашылығы – 21,3%-ға жоғарылады. Екі салада қаржы және сақтандыру қызметінде жалақы – 0,5%-ға; экстерриториялық ұйымдар және органдардың қызметінде – 23,7%-ға төмендеді.

Ақшалай көрсетудегі жалақының ең жоғары мөлшері 2012 жылғы маусымда кәсіби, ғылыми және техникалық қызметте (199,1 мың теңге), ал ең төменгісі – ауыл, орман және балық шаруашылығында (51,7 мың теңге) қалыптасты.

Ағымдағы жылы қызметкерлердің жалақысы нақты көрсетуді алдыңғы кезеңдерге қарағанда анағұрлым жоғары деңгейде қалыптасты, бұл негізінен инфляцияның өсуінің төмен қарқынына себепші болды. Осыған байланысты 2012 жылғы 2-тоқсанда жалақының 12,5% өсуіне қарамастан, еңбек өнімділігі индексінің өсу қарқыны 1,5% деңгейіне дейін (Ұлттық Банктің бағалауы бойынша) жылдамдатылды, ал бір тоқсан бұрын индекстің өсуі 1,3%-ға жеткен (23-график).

23-график

**Еңбек өнімділігінің және нақты жалақының динамикасы
(өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері


3. Ақша ұсынысы

3.1. Ақша агрегаттары

2012 жылғы 3-тоқсанда ақша агрегаттарының жылдық динамикасы қалыпты өсу қарқынын көрсетті (24-график)

24-график

Ақша агрегаттарының динамикасы (алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.1.1. Ақша базасы

2012 жылғы 3-тоқсанда ақша базасы 14,5%-ға тарылып, 2012 жылғы қыркүйектің аяғында 2953,1 млрд. теңге болды. Тар ақша базасы 2856,6 млрд. теңгеге дейін 13,7%-ға тарылды.

2012 жылғы қыркүйекте 2011 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда ақша базасы 2,4%-ға кеңейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2012 жылғы қыркүйекте 2011 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 29,6 млрд. АҚШ долл. дейін 7,4%-ға төмендеді. Таза валюталық қорлар (ЕАВ) қарастырылып отырған кезеңде 16,4%-ға азайды, алтындағы активтер жүргізілген операциялар мен әлем нарықтарында оның бағасының өсуі нәтижесінде 61,4%-ға өсті.

2012 жылғы қыркүйекте 2011 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда Ұлттық Банктің таза ішкі активтері, ең алдымен, банктер алдындағы қысқа мерзімді ноттары бойынша міндеттемелерінің төмендеуі есебінен өсті (2-кесте).

2-кесте

Ұлттық Банктің активтері мен пассивтерінің өзгеру динамикасы
(өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

	11 ж. 4-тоқ.	12 ж. 1-тоқ.	12 ж. 2-тоқ.	12 ж. 3-тоқ.
Таза халықаралық резервтер	3,8	-8,3	-6,6	-7,4
Таза ішкі активтер	40,3	48,3	51,2	25,0
Үкіметке таза талаптар	33,1	-54,5	-42,7	11,3
Экономикаға талаптар	128,9	119,7	129,8	256,2
Басқа таза ішкі активтер	-9,8	-15,3	0,1	-19,5
Ақша базасы	10,3	16,8	19,6	2,4
Тар ақша базасы	27,8	24,5	40,4	9,0

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.1.2. Ақша массасы

2012 жылғы 3-тоқсанда ақша массасы 10514,8 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға ұлғайды.

2012 жылғы қыркүйекте 2011 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда оның өсуі таза сыртқы активтердің төмендеуіне қарамастан, банк жүйесінің ішкі активтерінің ұлғаюы нәтижесінде 7,1% болды (3-кесте).

3-кесте

Ақша массасының өзгеру динамикасы
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

	11 ж. 4-тоқ.	12 ж. 1-тоқ.	12 ж. 2-тоқ.	12 ж. 3-тоқ.
Таза сыртқы активтер	16,7	14,5	-10,7	-15,6
Ішкі активтер	18,0	10,5	31,9	25,7
Үкіметке таза талаптар	86,7	-44,3	-51,5	200,4
Экономикаға талаптар	14,0	14,0	14,0	11,2
Басқа таза ішкі активтер	-11,7	-10,1	4,9	2,0
Ақша массасы	15,0	15,3	11,2	7,1
Айналыстағы қолма-қол ақша	18,9	19,2	16,6	12,8
Резиденттердің депозиттері	14,3	14,8	10,4	6,2

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің құрылымында 2012 жылғы қыркүйекте 2011 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Ұлттық Банктің таза сыртқы активтері өсті, банктердің де таза сыртқы активтері төмендеді. Банктердің таза сыртқы активтерінің төмендеуі резидент еместерге қойылатын талаптарының қысқаруына қатысты банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің ұлғаюына байланысты болды.

Қарастырылып отырған кезеңде ақша массасының негізгі құрамдас бөліктерінің құрылымында банк жүйесіндегі резиденттер депозиттерінің өсу қарқынымен салыстырғанда айналыстағы қолма-қол ақшаның неғұрлым тез өсу қарқыны тіркелді. Нәтижесінде ақша массасының құрылымындағы резиденттер депозиттерінің үлесі 2011 жылғы қыркүйектегі 87,2%-дан 2012 жылғы қыркүйектегі 86,5%-ға дейін төмендеді.

Ақша мультипликаторы ақша массасының өсу қарқынымен салыстырғанда ақша базасының неғұрлым қарқынды кеңеюі нәтижесінде 2011 жылғы қыркүйектегі 3,41-тен 2012 жылғы қыркүйекте 3,56-ге дейін өсті. Бұған сондай-ақ қолма-қол ақшаны резервтеу коэффициентінің және оған басымдық беру коэффициентінің ұлғаюы себепші болды (25-график).

25-график

Ақша мультипликаторының және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.1.3. Айналыстағы қолма-қол ақша

Айналыстағы қолма-қол ақша көлемі 2012 жылғы 3-тоқсанда 1421,8 млрд. теңгеге дейін 2,3%-ға өсті.

2012 жылғы қыркүйекте 2011 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда айналыстағы қолма-қол ақша 12,8%-ға өсті. Бұл ретте, банктердің кассаларынан қолма-қол ақшаны беру 1,4 трлн. теңгеге дейін 12,6%-ға, ал банктердің кассаларына түсімдер – 1,4 трлн. теңгеге дейін 17,5%-ға өсті.

2012 жылғы қыркүйекте 2011 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда қолма-қол ақшаның өсуі банктердің шетел валютасын сатудан түсімдерінің қысқаруымен байланысты болды. Сондай-ақ, айналыстағы қолма-қол ақшаның өсуіне банкоматтарды нығайтуға берудің ұлғаюы ықпалын тигізді. Бұл ретте аталған факторлардың қолданысы қарастырылып отырған кезеңде еңбекақыға, зейнетақыға және жәрдемақыға байланысты берулердің қысқаруымен, тауарлар, қызметтер мен орындалған жұмыстарға ақы төлеуге түсімдердің өсуімен, жеке тұлғалардың шоттарынан түсімдердің және заем үшін түсімдердің ұлғаюымен бейтараптандырылмады.

3.2. Қаржы нарығы

3.2.1. Резиденттердің депозиттері

Резиденттердің депозиттері 2012 жылғы 3-тоқсанда 0,9%-ға ұлғайып, 2012 жылғы қыркүйектің соңында 9093,0 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың салымдары 0,8%-ға төмендеді, жеке тұлғалардың салымдары 4,1%-ға ұлғайды.

2012 жылғы 3-тоқсанда депозиттік базаның жай-күйі заңды тұлғалардың валюталық жинақ ақшаларының 3,3%-ға азаюына байланысты шетел валютасындағы депозиттердің төмендеуімен сипатталды. Нәтижесінде 3-тоқсанда шетел валютасындағы депозиттер 0,2%-ға төмендеп, 2827,2 млрд. теңгені құрады, ал ұлттық валютадағы депозиттер 6265,7 млрд. теңгеге дейін 1,3%-ға ғана өсті.

Теңгелік депозиттердің бір мезгілде өсуі кезінде заңды тұлғалардың валюталық ақша жинақтары көлемінің (2012 жылғы тамыз және қыркүйек үшін тиісінше 7,0%-ға және 0,8%-ға) төмендеуі депозиттік нарықты долларландыру деңгейінің төмендеуіне және ұлттық валютадағы депозиттердің үлес салмағының 2012 жылғы маусымдағы 68,6%-дан 2012 жылғы 68,9%-ға дейін өсуіне әкелді. Осылайша 2012 жылғы 3-тоқсанда заңды және жеке тұлғалардың шоттарына ұлттық валютаның әкелінуі банктердің ресурстық базасы ұлғаюының басты көзі болды.

Бұл ретте жыл басындағы ахуал, яғни 2012 жылғы қаңтар-қыркүйектегі ахуал өзгеше болды және бұл жағдайда депозиттік базаның өсімі тең деңгейде теңгелік, сол сияқты валюталық жинақ ақшаларда байқалды (4-кесте).

4-кесте

Резиденттер депозиттерінің өзгеру динамикасы (алдыңғы жылғы желтоқсанға %-бен)


	2009 ж. қыркүйек	2010 ж. қыркүйек	2011 ж. қыркүйек	2012 ж. қыркүйек
Резиденттердің депозиттері	19,2	11,4	16,7	8,4
<i>жеке тұлғалар</i>	<i>24,7</i>	<i>9,9</i>	<i>17,1</i>	<i>15,1</i>
<i>банктік емес заңды тұлғалар</i>	<i>17,1</i>	<i>12,0</i>	<i>16,5</i>	<i>5,2</i>
Теңгемен депозиттер	-7,5	26,9	20,3	8,8
Шетел валютасымен депозиттер	67,7	-8,5	10,1	7,5

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Өткен тоқсанмен салыстырғанда 2012 жылғы 3-тоқсанда салымдар бойынша сыйақы ставкалары аз ғана өсті, бұл 2012 жылғы қыркүйекте ставкалардың өсуіне себепші болды. Банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2012 жылғы қыркүйекте 2,3% болды (2011 жылғы желтоқсанда – 2,7%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,3% (8,4%) болды (26-график).

26-график

Депозиттердің және сыйақы мөлшерлемелерінің динамикасы




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2012 жылғы 3-тоқсанда заңды тұлғалар депозиттерінің көлемі 0,8%-ға 5957,8 млрд. теңгеге дейін төмендеді, бұл ретте жылдық көрсетілімде (2011 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2012 жылғы қыркүйекте) төмендеу 0,5% болды. Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері жылдық көрсетілімде 4,4%-ға ұлғайды, ал шетел валютасында 12,5%-ға төмендеді (27-график).

27-график

Заңды тұлғалар депозиттерінің өзгеру динамикасы (алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі 2012 жылғы 3-тоқсанда 4,1%-ға 3135,1 млрд. теңгеге дейін өсті, бұл ретте жылдық көрсетілімдегі өсім 22,0%-ды құрады. Жеке

тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері жылдық көрсетілімде 22,3%-ға өсті, шетел валютасында 21,5%-ға ұлғайды (28-график).

28-график

**Жеке тұлғалар депозиттерінің өзгеру динамикасы
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.2.2. Экономикаға кредиттер

2012 жылғы 3-тоқсанда банктердің экономикаға кредиттері 3,0%-ға 9531,0 млрд. теңгеге дейін өсті. Заңды тұлғаларға кредиттер 2012 жылғы шілде-қыркүйекте 6835,7 млрд. теңгені құрап, 1,6%-ға ұлғайды, жеке тұлғаларға – 2695,3 млрд. теңгеге дейін өсіп, 6,6% құрады.

Кредиттердің ұлттық валютадағы көлемі 5,6%-ға 6583,2 млрд. теңгеге дейін өсті, шетел валютасындағы көлемі - 2,4%-ға 2947,9 млрд. теңгеге дейін төмендеді.

2012 жылғы шілде-қыркүйектегі ұзақ мерзімді кредиттеу 3,5%-ға 7739,9 млрд. теңгеге дейін өсті, қысқа мерзімді 1791,2 млрд. теңгені құрап, 0,7%-ға дейін ұлғайды. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2012 жылғы маусыммен салыстырғанда 2012 жылғы қыркүйекте 80,8%-дан 81,2%-ға дейін өсті.

Банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2012 жылғы қыркүйекте 11,0%-ды құрап (2012 жылғы маусымда 11,2%), аздап төмендеді, жеке тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша 21,1%-ға дейін (2012 жылғы маусымда – 20,9%) өсті. Тұтастай алғанда, 2012 жылғы 3-тоқсанда мөлшерлемелер деңгейі тоқсанның соңында өсу үрдісімен сипатталды (29-график).


Кредиттеу объектілері бойынша кредиттердің құрылымында берешектің негізгі көлемі айналым қаражатын иемденуге берілген кредиттерге (27,3%), басқа да мақсаттарға (22,9%), жаңа құрылыс пен қайта жанартуға (14,9%), сондай-ақ азаматтардың тұтынушылық мақсатына берілген кредиттерге (14,5%) тиесілі болды.

Салалар бойынша алғанда банктердің экономикаға берілген кредиттері бойынша айтарлықтай берешек басқа салаларға (өндірістік емес салаға және жеке қызметке) - 45,9%, саудаға – 19,8%, құрылысқа – 14,4%, өнеркәсіпке – 12,2% тиесілі.

2012 жылғы 3-тоқсанда байланысты кредиттеу 11,7%-ға, ауыл шаруашылықты кредиттеу – 3,1%-ға, өнеркәсіпті – 3,0%-ға, көлікті – 2,3%, сауданы – 1,5%-ға өсті, ал құрылысты кредиттеу – 0,3%-ға төмендеді.

29-график

Экономикаға кредиттер және олар бойынша сыйақы ставкаларының динамикасы




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Заңды тұлғаларға кредиттердің көлемі 2011 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2012 жылғы қыркүйекте 11,0%-ға өсті. Орналастыру мерзімдері бойынша кредиттердің құрылымында өзгерістер болды. Заңды тұлғаларды кредиттеудің жалпы көлемінде орта және ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 2012 жылғы қыркүйектің аяғында 75,5% құрады, ал 2011 жылғы қыркүйекте ол 77,5% жетті.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы кредиттері жылдық көрсетілімде 19,4%-ға өсті, шетел валютасында – 2,0%-ға төмендеді (30-график).

30-график

**Занды тұлғаларға берілген кредиттердің динамикасы
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2011 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 2012 жылғы қыркүйекте 19,1%-ға көтерілді. Жеке тұлғаларды кредиттеудің жалпы көлеміндегі орташа және ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 2012 жылғы қыркүйектің аяғында аздап төмендеді және 2011 жылғы қыркүйекте болған 96,4% салыстырғанда 95,6%-ды құрады.

Халыққа берілген кредиттер құрылымында ұлттық валютадағы кредиттер 33,8%-ға көтерілгенін, ал шетел валютасында 14,6%-ға төмендегенін көрсетті (31-график).

31-график

**Халыққа берілген кредиттердің динамикасы
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


3.2.3. Банктердің активтері мен міндеттемелері

– **Активтер**

2012 жылғы 3-тоқсанда банктер активтерінің монетарлық шолуға сәйкес есептелген мөлшері 17,4 трлн. теңгеге дейін 0,1%-ға ұлғайды. Банктердің активтері жылдық көрсетілімде (2011 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2012 жылғы қыркүйекте) 5,2%-ға өсті (32-график).

32-график

Банктер активтерінің динамикасы, млрд. теңге



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


2012 жылғы қыркүйекте банктердің сыртқы активтері активтердің жалпы көлемінің 19,0%-ын иеленді немесе 22,0 млрд. АҚШ долл. құрады. Олар 2011 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 3,9%-ға төмендеді, 2011 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда – 0,2%-ға төмендеді.

Сыртқы активтер құрылымында 2012 жылғы қыркүйекте резидент еместерге берілген кредиттер 49,4% (2012 жылғы маусымда – 55,2%), резидент еместерде орналастырылған депозиттер – 29,8% (2011 жылғы маусымда – 22,7%), резидент еместердің бағалы қағаздары – 4,6% (2012 жылғы маусымда – 5,0%), алуға арналған басқа шоттар – 16,2% (2012 жылғы желтоқсанда – 17,1%) болды.

2012 жылғы қыркүйекте ішкі активтердің үлесіне 81,0% немесе 14,1 трлн. теңге тиесілі болды, оның ішінде ұлттық валютадағы ішкі активтер 71,7% немесе 10,1 трлн. теңге, шетел валютасындағы ішкі активтер – 28,3% немесе 4,0 трлн. теңге болды. 2012 жылғы 3 тоқсанда ішкі активтер 1,8%-ға төмендеді, оның ішінде ұлттық валютадағы ішкі активтер 1,9%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы – 10,2%-ға төмендеді (33-график).

33-график

Банк активтерінің құрылымы, %



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Тұтастай алғанда, монетарлық шолу бойынша банктік активтер 2012 жылғы 3-тоқсанда 0,06%-ға ұлғайды. Бұл ретте, 2012 жылғы 3-тоқсанда банктер активтерінің сапасы жағымсыз өзгергенін атап өту қажет. Мәселен, стандартты активтердің үлесі 48,1%-дан 46,7%-ға дейін төмендеді, күмәнді активтердің үлесі 29,8%-дан 30,8%-ға дейін өсті, үмітсіз активтердің үлесі 22,1%-дан 22,5%-ға ұлғайды.

Күмәнді активтер құрылымында 1, 3 және 5-санаттағы активтердің шоғырлануына бағытталған активтердің белгілі бір миграциясы байқалды. Күмәнді активтер құрамында 1-санаттағы активтердің үлесі 30,6%-дан 31,5%-ға дейін өсті, 2-санаттағылар 8,8%-дан 13,4%-ға дейін артты, 3-санаттағылар – 30,1%-дан 26,3%-ға дейін төмендеді, 4-санаттағылар – 11,4%-дан 10,8%-ға дейін төмендеді, 5-санаттағылар – 19,1%-дан 18,0%-ға дейін төмендеді.

Тұтастай алғанда, монетарлық шолу бойынша 2012 жылғы 2-тоқсанда банк активтерінің шамалы өскенін көрсетті. Кредиттік тәуекелдің жоғарғы деңгейі және


активтердің төмен сапасы қазақстандық банк жүйесінің әлсіз жағы болып қалып отыр. Банктер бұрынғыдай барынша консервативтік кредиттік саясатты ұстанады, бұл активтердің сапасы жақсару процесін ұстап тұр.

– Міндеттемелер

2012 жылғы 3-тоқсанда банктердің монетарлық шолуға сәйкес есептелген міндеттемелерінің жалпы сомасы 0,8%-ға азайды және қыркүйектің аяғында 12,6 трлн. теңге болды (34-график).

34-график

Банктер міндеттемелерінің динамикасы, млрд. теңге



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері 2012 жылғы маусыммен салыстырғанда 2012 жылғы қыркүйекте 2,9 трлн. теңгеге дейін (19,4 млрд. АҚШ долл.) 2,4%-ға төмендеді. Банктердің міндеттемелері 2011 жылдың тиісті айына 21,0%-ға өсті. 2012 жылғы қыркүйектің аяғында банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері банктердің барлық міндеттемелері көлемінің 23,0%-ын қамтыды.


Банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің құрылымында резидент еместердің депозиттері бойынша міндеттемелердің үлесі 2012 жылғы маусымдағы 7,8%-дан 2012 жылғы қыркүйекте 6,1%-ға дейін төмендеді, бағалы қағаздар бойынша міндеттемелер үлесі 78,7%-дан 81,0%-ға дейін көбейді, резидент еместерден алынған кредиттер тиісінше 12,2%-дан 11,5%-ға дейін төмендеді.

2012 жылғы 3-тоқсанда резиденттер алдындағы міндеттемелер 9,7 трлн. теңгеге дейін 0,3%-ға түсті, оның ішінде ұлттық валютадағы міндеттемелер 6,8 трлн. теңгеге дейін 1,0%-ға төмендеді, шетел валютасындағы міндеттемелер 2,9 трлн. теңгеге дейін 1,4%-ға ұлғайды (35-график).

Сондықтан, 2012 жылғы 3-тоқсанда банктердің міндеттемелері бойынша резидент еместер алдындағы міндеттемелердің азаюы сияқты резиденттер алдындағы міндеттемелердің төмендеуі байқалды. Бұл ретте, резиденттер алдындағы міндеттемелердің төмендеуі ұлттық құрамдас бөліктердің азаюы есебінен қамтамасыз етілді.

35-график

Банктер міндеттемелерінің құрылымы, %



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


3.2.4. Қаржы нарығындағы мөлшерлемелер

2012 жылғы 3-тоқсанда банкаралық нарықта мөлшерлемелер деңгейі өскені байқалды.

KazPrime индикаторы орташа алғанда 2012 жылғы 2-тоқсандағы 2,00%-дан 2012 жылғы 3-тоқсанда 2,46%-ға дейін өсті. Бұл ретте 2012 жылғы маусымның аяғында бұл индикатор 2,00%-ды құраған, ал қыркүйектің соңында – 3,00%-ды құрады (36-график).

36-график

KazPrime индикаторының динамикасы және ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі, %



Дерек көзі: Қазақстан Қор Биржасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Автоматты РЕПО секторында мөлшерлемелердің деңгейі өскені байқалды.


Автоматты РЕПО секторында 1 күндік операциялар бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2012 жылғы 3-тоқсанда өсті және 1,16% (2-тоқсанда – 0,75%) құрады. Бұл ретте оның ең көп деңгейі 13,2%, ал ең азы – 0,07% болды.

7 күндік РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелердің ауытқулары 2012 жылғы 3-тоқсанда 0,3%-дан 5,6%-ға дейінгі (орташа алынған мөлшерлеме 1,6% болды), 14 күндік РЕПО операциялары бойынша – 0,45%-дан 8,5%-ға дейінгі (орташа алынған мөлшерлеме 1,23% болды), 28 күндік РЕПО операциялары бойынша – 0,52%-дан 2,96%-ға дейінгі (орташа алынған мөлшерлеме 1,51% болды) диапазонда өтті (37-график).

Автоматты РЕПО секторындағы мәмілелер көлемі 2012 жылғы 3-тоқсанда өткен тоқсанмен салыстырғанда 4,3%-ға ұлғайды.

37-график

РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелер динамикасы, %




Дерек көзі: Қазақстан Қор Биржасы

4. Ақша-кредит саясатының құралдары және операциялары

2012 жылғы 3-тоқсанда қаржы нарығындағы елеулі ауытқу байқалмады, теңге өтімділігімен жағдай тұрақты болып қалды. 2012 жылғы 3-тоқсанда қаржы нарығындағы Ұлттық Банктің операцияларының қорытындысы ретінде теңге өтімділігін беру болды (38-график).

38-график

Ұлттық Банктің ішкі нарықтағы операцияларының сальдосы, млрд. теңге




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2012 жылғы 3-тоқсанда Ұлттық Банктің мөлшерлемелер дәлізі өзгерді. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 2012 жылғы 6 тамыздан бастап жылдық 6,0%-дан 5,5%-ға дейін төмендеді. Банктерден тартылатын депозиттер бойынша мөлшерлемелер өзгерген жоқ: 7 күндік депозиттер бойынша мөлшерлеме 0,5%, 1 айлық депозиттер бойынша – 1,0% болды.

2012 жылғы 3-тоқсанда ақша нарығындағы ахуал пайыздық мөлшерлемелердің құбылмалылығымен сипатталды. Бұл ретте шілде-тамызда пайыздық мөлшерлемелер біртіндеп өсті, қыркүйекте олар ақырындап төмендеді. Орташа алғанда 2012 жылғы 3-тоқсанда мөлшерлемелер деңгейі Ұлттық Банктің мөлшерлемелер дәлізінің төменгі шекарасына жақын болды. Мерзімі 30 күнге дейінгі банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2012 жылғы 2-тоқсандағы 0,63%-дан 2012 жылғы 3-тоқсанда 0,72%-ға дейін өсті. Мерзімі 7 күндік банкаралық РЕПО операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2012 жылғы 2-тоқсандағы 0,51%-дан 2012 жылғы 3-тоқсанда 1,60%-ға дейін төмендеді (39-график).

39-график

Ұлттық Банк мөлшерлемелері дәлізінің шекаралары, %




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2012 жылғы 3-тоқсанда банктердің ұлттық валютадағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтары түрлі бағытта болды. 2012 жылғы шілде-тамызда банктердің шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар біртіндеп төмендеді, ал қыркүйекте олардың қайтадан өсу үрдісі байқалды. Тұтастай алғанда, 2012 жылғы маусыммен салыстырғанда 2012 жылғы қыркүйектің аяғында ұлттық валютадағы корреспонденттік шоттардағы қалдықтардың көлемі 1,6 есе, шетел валютасындағы – 1,8 есе төмендеді (40-график).

40-график

Банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттардағы қалдықтары, млрд. теңге



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


4.1. Ішкі валюта нарығындағы үстемдіктер

2012 жылғы 3-тоқсанда Қазақстан Қор Биржасындағы валюта сегментіндегі және банкаралық валюта нарығындағы сауда-саттықтардың жалпы көлемі 2012 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 1,1%-ға ұлғайып, 21,6 млрд. АҚШ долларын құрады.

Қазақстан Қор Биржасындағы долларлық позициядағы биржалық сауда-саттықтар көлемі 2012 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 15,8% өсіп, 15,4 млрд. АҚШ долл. болды (Қазақстан Қор Биржасындағы сауда-саттықтардың нетто-көлемі брутто-көлемнің 80% құрады). Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі 2012 жылғы 3-тоқсанда өткен тоқсанмен салыстырғанда 23,1% төмендеп, 6,2 млрд. АҚШ долл. құрады (41-график).

41-график

Ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд. АҚШ долл.




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2012 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің Қазақстан Қор Биржасындағы қатысу коэффициенті -8,6% (2012 жылғы 2-тоқсанда ол -7,5%) болды (42-график). Осылайша, 2012 жылғы 3-тоқсанда Ұлттық Банк ішкі валюта нарығында шетел валютасын сатушы ретінде басым болды.

42-график

Ұлттық Банктің Қазақстан Қор Биржасындағы қатысу коэффициенті, %




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

4.2. Ең төменгі резервтік талаптар

2012 жылғы шілде-қыркүйекте резервтік активтер резервтеудің қажетті көлемінен орташа есеппен 4,24 есе (2012 жылғы 2-тоқсанда – орташа алғанда 4,6 есе, 2011 жылғы 3-тоқсанда – 2,3 есе) асып түсті (43-график).

43-график

Ең төменгі резервтік талаптар нормативінің орындалуы, млрд. тенге



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


4.3. Ашық нарықтағы операциялар

2012 жылғы 3-тоқсанда банктер тарапынан Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарына сұраныс төмен болып қалды. 2012 жылғы шілдеде ғана осы сегментте кейбір жандану байқалды.

2012 жылғы 3-тоқсанда шығарылған қысқа мерзімді ноттардың көлемі 2012 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 17,7% азайды және 198,8 млрд. теңге болды. Қысқа мерзімді ноттардың эмиссиясының ең үлкен көлемі (2012 жылғы 3-тоқсан ішіндегі барлық эмиссия көлемінің 60% астамы) шілдеге тиесілі. Орналастырылған ноттар бойынша орташа алынған кірістілік 2012 жылғы 2-тоқсандағы 1,46%-дан 2012 жылғы 3-тоқсанда 1,41%-ға дейін төмендеді (44-график).

44-график

Қысқа мерзімді ноттарды орналастыру көлемі және олар бойынша кірістілік (кезең үшін)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2012 жылғы 3-тоқсанда 3, 6 және 9 айлық айналыс мерзімімен ноттар шығарылды. Эмиссияның барынша үлкен көлемі 3-айлық құралдарға келді (эмиссияның жалпы көлемінің 65%-дан астамы).

2012 жылғы қыркүйектің аяғында қысқа мерзімді ноттардың көлемі айналыста 414,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2012 жылғы маусымның аяғындағы көлемнен 7,7%-ға аз (45-график).

45-график

Айналыстағы қысқа мерзімді ноттар, млрд. теңге (кезең аяғында)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


4.4. Тұрақты механизмдер

2012 жылғы 3-тоқсанда өткен тоқсанмен салыстырғанда банктерден тартылған депозиттердің көлемі қысқарды. Бұл ретте, банктерден депозиттерді тартудың ең жоғарғы көлемі шілде-тамызда тіркелді, қыркүйекте осы құралдарға сұраныс төмен болды. Тұтастай алғанда, 2012 жылғы 3-тоқсанда 917,6 млрд. теңге сомада депозиттер тартылды, бұл 2012 жылғы 2-тоқсандағы көлемнен 2,0 есе аз және 2011 жылғы 3-тоқсандағы көлемнен 3,8 есе аз.

Депозиттер бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі 2012 жылғы 2-тоқсандағы 0,79%-дан 2012 жылғы 3-тоқсанда 0,82%-ға дейін өсті (46-график).

46-график

Ұлттық Банк тартқан депозиттер бойынша сыйақы көлемі және мөлшерлемелері (кезең ішінде)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2012 жылғы 3-тоқсанда Ұлттық Банктің банктердің депозиттері бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі төмендеді. 2012 жылғы қыркүйектің қорытындылары бойынша банктердің Ұлттық Банктегі депозиттері бойынша өтелмеген берешек қалдықтарының көлемі 96,5 млрд. тенге болды, бұл 2012 жылғы маусымның аяғындағы көлеммен салыстырғанда 1,5 есе аз (47-график).

47-график

Ұлттық Банктің банктерден тартылған депозиттері бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі, млрд.тенге (кезең аяғында)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Айықтыру операцияларын жүргізуден басқа Ұлттық Банк 2012 жылғы 3-тоқсанда кері РЕПО операцияларын жүргізу арқылы банк секторына теңгедегі қысқа мерзімді өтімділікті ұсынуды жалғастырды. Кері РЕПО операцияларының жалпы көлемі 2012 жылғы 3-тоқсанда 1612,7 млрд. теңге болды. Аталған операциялардың көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 23,9%-ға өсті (48-график).

48-график

Ұлттық Банктің РЕПО операцияларының көлемі, млрд. теңге (кезең ішінде)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2012 жылғы қыркүйектің аяғында кері РЕПО операциялары бойынша өтелмеген берешектің көлемі біршама ұлғайды және 473,7 млрд. теңге болды (49-график).

49-график

Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру операциялары бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі, млрд. теңге (кезең аяғында)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі